

№145 орта мектеп

Интеллектуалды сайыс

Тақырыбы:

«Тіл мерейі-ел мерейі»

2023 жыл

«Тексерілді»

Тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары:  Ахметов Ғ.М.

Тақырыбы: «Тіл мерейі-ел мерейі» (интеллектуалды сайыс)

Мақсаты: Оқушының білімі мен біліктілігі арқылы ой - өрісін дамыту, ұшқырлық, ойлау қабілетін шыңдау, шапшандық пен нақтылыққа бейімдеу.

Әдісі: сайыс сабақ

Көрнекілік: интерактивті тақта, слайд, қима қағаздар.

Пәнаралық байланыс: ауыз әдебиеті, шет тілі, өнер, халық педагогикасы.

Барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

- 1) Алдың ала тағайындалған топтарды шақыру.
- 2) Әділқазылар алқасын сайлау.
- 3) Сайыстың мақсатымен таныстыру.
- 4) Мұғалімнің кіріспе сөзі

Сайыс кезеңдері:

1. «Жылдам жауап»
2. «Мақал-мәтел- халық қазынасы»
3. «Өтірік өлеңдер»
4. «Төрт жұмбақ»
5. «А-В»
6. «Жекпе жек»

2. Негізгі бөлім:

1. «Жылдам жауап»

1-топ «Тұлпар» тобына сұрақтар

1. «Ат терлетіп келді» тіркесінің мағынасы (алыстан келді)
2. Зат пен құбылыстың атауын білдіретін сөзтабы? (зат есім)
3. Сөз мағынасын не зерттейді? (лексика)
4. «Фразеология» сөзінің баламасын табыңыз. (тұрақты тіркес)
5. Тілдің ең кіші бөлшегі не? (дыбыс)
6. Жалғаудың түрлерін ата. (көптік, тәуелдік, септік, жіктік)
7. Неше септік жалғауы бар? (7)

8. «Ақ киізге көтерді» мағынасы не? (хан сайлады)
9. «Алпамыс батыр» жыры халық ауыз әдебиетінің қай түріне жатады? (Батырлар жыры)
10. Дыбысты немен таңбалайды? (әріп)
11. 42 әріптің жүйелі тізбегі қалай аталады? (әліпби)
12. Қазақ әліпбиінде қанша дыбыс бар? (40)
13. «Ерінбесең - емерсің» тақырыбы не? (еңбек ету)
14. Қосарлы дыбыстардың саны нешеу? (3)
15. «Әліпби» сөзі қай тілден енген? (араб тілі)
16. Дауысты дыбыс тілдің қатысына қарай нешеге бөлінеді? (жуан, жіңішке)
17. Дауысты дыбыс жақтың қатысына қарай нешеге бөлінеді? (ашық, қысың)
18. Дауыссыз дыбыстың түрлерін ата. (қатаң, ұяң, үнді)
19. Әліпбидегі алғашқы 7 дауыссыз қалай аталады? (ұяң)
20. Дауыссыздар ненің қатысына қарай 3-ке бөлінеді? (салдыр мен үн)

II топ «Қыран» тобына сұрақтар

1. Тұрақты сөз тіркесінің еркін сөз тіркесінен айырмашылығы (құрамындағы сөздерді ауыстыруға болмайды)
2. «Саусағының ұшын қимылдатпады» тұрақты тіркесінің мағынасы (қозғалмады, ештеңе істемеді)
3. Сөйлем мүшелерін ата? (Бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш)
4. Білекті кімді жеңеді? (бірді)
5. Тыныс белгісін не зерттейді? (пунктуация)
6. Фонетика нені зерттейді? (тіл дыбыстарын)
7. Ілік септігінің сұрақтары (кімнің? Ненің?)
8. Көзқарас қандай сөз? (біріккен)
9. Білгенім бір тоғыз, білмегенім қанша? (тоқсан тоғыз)
10. Орфография нені зерттейді? (дұрыс жазылуын)
11. «Жаны зәр түбіне жету» мағынасы не? (қорқу)
12. «Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас» тақырыбы не? (дос)
13. Дауысты дыбыс еріннің қатысына қарай нешеге бөлінеді? (еріндік, езулік)
14. Дауыстылардың саны қанша? (12)
15. Алфавиттегі соңғы әріп (Т)

- 16.Сөз таптары нешеу? (тоғыз)
- 17.Қосымша нешеу? (екеу)
- 18.Жұрнақтың түрлерін ата. (сөз тудырушы, сөз түрлендіруші)
19. Белгілі бір жерде ғана қолданылатын сөздер (диалект сөздер)
20. Өте әдемі тіркесінде шырайдың қай түрі қолданылған?(асырмалы)

I турдың қорытындысын тыңдау.

II тур. Мақал-мәтел – халық қазынасы

1. ...қылды қақ жарған. (қара)

2. Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрер.
Атадан ... ұл туса,
Төрдегі басын жерге сүйрер. (жаман)
3. Ел қонбаса - ... азады,
Жер болмаса – ер азады. (жер)
- 4 ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. (алтау)
5. ... тас жарады,
Тас жармаса, бас жарады. (тіл)
6. ... көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.(досы)
7. ... өссе елдің көркі,
Гүл өссе жердің көркі.(қыз)

8. ... таумен кездеспейді,
Адам адаммен кездеседі. (тау)

9. Қына тасқа бітеді,
... басқа бітеді. (білім,

10. ... сүйектен өтеді,
Таяқ еттен өтеді. (сөз)

III тур. «Өтірік өлеңдер»

(Топ оқушылары белгілі уақытпен ойларынан өтірік өлеңдер шығаруы тиіс.)

I тур. «Төрт жұмбақ»

(Оқушылар берілген үзіндінің қай шығармадан екенін анықтап, қандай салт – дәстүрдің бар екенін анықтауы керек.)

1. - Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, тоғызыншы ұлым бір төбе.

Кенжекейің тоғызыншы ұлымдікі болсын, - деп бай тоғыз қызға қандай салт-дәстүрдің түрін жасап келіпті?

-Қай шығармадан алынған? Қандай дәстүр бар? (“Ер Төстік” ертегісі, құда түсу)

2. - Мен айыптымын, менен бір қателік болды, шайтанның азғырғанына ердім. Оған себеп – мына уәзірлер. Бұлар енді я саған, я маған бір қатер қылар. Сен енді іргеңді көтер, бөтен елге көш деп, - хан өзінің досына разы болып, бірнеше түйеге асыл заттар арттырып, мал беріп, досын Ақша ханның еліне көшіріп салады.

-Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар? («Аяз би» ертегісі, енші беру).

3. Өлім деген тәңірі иесі,
Желіккен құлан әңгісі.
Құлан мен тұлпар желіккен,
Жосыған құлан желіккен,
Балаңды шайнап өлтіріп,

Жұлмалап жалмап кетіпті.

-Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар? («Ақсақ құлан Жошы хан» аңызы, естірту)

4.Балталы , Бағаналы ел, аман бол!

Бақалы, балдырғанды көл, аман бол!

Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,

Ойнап-күліп, ер жеткен жер, аман бол!

-Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар? («Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры, қоштасу.)

Ү тур.

А мен В әрпінен қалағанын таңдайды. А әрпін таңдаған топ –сын есім, В әрпін таңдаған топ –сан есім қатысқан мақал-мәтелдер айтады. Дайындыққа 1 минут

ҮІ тур “Жекпе жек”

Әр топтың жетекшілері шығып берілген «**қазақстандықтар**» сөзіне бірнеше сөздер құрайды.

қазақ, ас, тақ, тас, тандыр, қазы, тары, арық, ар, ата, қаз, ара, нар, атан, тана, асық, ық, ыс, Қазақстан, тарақ, сандық, сан, қатар, қақ, ат, қасық, ана, зат, атыз, сатқын , т.б.

3.Қорытынды бөлім:

1. Жеңімпаз топты анықтау.



Анықтама

№145 орта мектепте 2023 жылдың 5 қыркүйек күні 9-10 сыныптар арасында тіл мерекесіне арналған "Тіл мерейі-ел мерейі" атты интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды.

Тіл - ең асыл құндылық. Қазақ тілі - әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл.

Мақсаты: Оқушының білімі мен біліктілігі арқылы ой өрісін дамыту;

Сайыс кезеңдері: 1. "Жылдам жауап" 2. "Мақал- мәтел-халық қазынасы" 3. "Өтірік өлең құрастыру" 4. "Төрт жұмбақ" 5. "А - В" 6. "Жекпе-жек". Сайыс өте керемет деңгейде өтілді, оқушылардың барлығы белсенділік танытып отырды. Сайыстың барлық кезеңінде белсенділік танытқан топтар марапатталды.



Бірлестік жетекшісі:

Тлеуова Жадыра